

"Жайықжылукуат" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 12 Қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы 32-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңнамада
б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) "Жайықжылукуат" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) саны 380031 (үш жүз сексен мың отыз бір) дана билік етуі шектелген жарияланған акцияларын 380031000 (үш жүз сексен миллион отыз бір мың) теңге сомасына оларды мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп алып қою арқылы Қоғамның салықтық берешегін өтеу есебіне
о р н а л а с т ы р с ы н ;

2) Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі акцияларға мемлекеттік меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тіркеуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамның алып қойылған акцияларын Батыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі